

<b>Пән:</b>	Қазақ тілі	
<b>Сынып:</b>	4 Г	
<b>Сабақ тақырыбы:</b>	Субұрқақтар күні	
<b>Сабақтың мақсаты:</b>	Оқушылар тақырып аясында диалог құрай алады.	
<b>Жетістік критерийлері:</b>	<p>Оқушының төменгі жетістігі (ОТЖ): өзінің сүйікті қаласы, оның әсем жерлерімен таныстыра алады.</p> <p>Оқушының орташа жетістігі (ООЖ): субұрқақтар күні туралы қарапайым сөйлемдер арқылы сипаттай алады.</p> <p>Оқушының жоғарғы жетістігі (ОЖЖ): тақырып аясында қазақ тілінде өзінің сүйікті қаласы жайлы достарымен тілдесе алады, диалог құрайды.</p>	
<b>Тапсырмалар:</b>		
<b>Сабақ барысындағы мұғалім мен оқушының іс-әрекеті:</b>		
<b>Тапсырма</b>	<b>Мұғалімнің іс-әрекеті</b>	<b>Оқушының іс-әрекеті</b>
<b>Оқушыларға психологиялық ахуал туғызады</b>	Мұғалім сыныпта ынтымақтастық атмосферасын құру «Шаттық шеңберін» өткізеді.	Оқушылар шеңбер бойымен тұрып кезекпен бір-біріне жылы сөздер айтады. Мысалы: Сәттілік тілеймін, сабақта белсенді бол, жақсы көңіл күй тілеймін, сабағыңды беске оқы, денсаулық тілеймін, ойлаған мақсатына жет және т.б.
<b>Топқа бөлу.</b>	Мұғалім Медеоның, Шымбұлақтың, Алтын адамның суреттерін тарату арқылы топқа бөледі.	Қима суреттерді құрастыру арқылы 3 топқа бөлініп отырад ( Медео, Шымбұлақ, Алтын адам)
<b>Өткен сабақты тексеру</b>	«Ыстық орындық» стратегиясы арқылы үй жұмысын тексереді. Кемшіліктерді анықтайды, түзетеді, бағалайды.	Өткен тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді.

<b>I. Қызығушылықты ояту</b>	1. Оқушылардың жаңа сабаққа деген қызығушылығын арттыру мақсатында видео көрсетеді. 2. Оқушыларға Алматы қаласындағы субұрқақтарды слайд арқылы көрсетеді.	Көрген слайд бойынша сабақтың тақырыбын анықтайды.  Темірбай Нұрай Алматы қаласындағы субұрқақтар туралы мағлұмат береді.
<b>II. Мағынаны тану</b>	<b>1. Сөздікпен жұмыс.</b> Мұғалім интерактивті тақтадан тақырыпқа қатысты жаңа сөздермен таныстырады, қазақша, ағылшынша аудармасын ұялы телефондағы сөздіктен тапқыздырып жазғыздырады. Оларды оқиды, оқушыларға қайталатады.	<b>Тыңдалым. Оқылым.</b> Жаңа сөздерді электрондық сөздіктен тауып жазады. Дауыстап оқиды, қайталайды. Ауызша сөйлем құрайды. <i>Субұрқақ - фонтан – fountain</i> <i>Әртүрлі – разный – different</i> <i>Салқын жел – прохладный ветер – cool wind</i>
<b>Топтық жұмыс</b>	<b>2. Мәтінмен жұмыс.</b> А) Берілген мәтінді оқиды. Үш топқа тапсырма береді. Әр топқа қимақағазда жазылған сөйлемдерді рет-ретімен орналастыртып мәтінді құрастыртады.	Әр топ қимақағазда жазылған сөйлемдерді рет-ретімен орналастырып мәтін құрастырады.
<b>Жеке жұмыс</b>	<b>3. Жазылым.</b> Оқушыларға <i>Субұрқақтар күні</i> сөз тіркесін септетеді.	<b>Жазылым. Айтылым.</b> <i>Субұрқақтар күні</i> сөз тіркесін септейді.
	«Қыдырып қайтайық» әніне сергіту сәтін жасатады.	Оқушылар «Қыдырып қайтайық» әніне билейді.
	Б) «Сыр сандықтағы» сөздер.	«Сыр сандыққа» салынған сөздерді есте сақтайды, талдайды.
<b>IV. Бекіту. Жұптық жұмыс.</b>	Тақырыпқа байланысты әр топқа диалог құрастыртады.	Әр топтағы оқушылар жұптасып диалог
<b>V. Бағалау</b>	Формативті бағалау. Мұғалім оқушылардың өзін бағалауы бойынша қорытынды бағаны	Оқушылар «Бағдаршам бағалау» парағы бойынша өзін –өзі бағалайды.



<b>VI. Үйге тапсырма</b>	«Астанадағы субұрқақтар» тақырыбына диалог құру	
<b>VII. Рефлексия</b>	Оқушыларға стикер таратады. «Қуаныш», «Үміт», «Бақыт» субұрқақтарын ұсынады.	Оқушылар ұсынылған «Қуаныш», «Үміт», «Бақыт» субұрқақтарын тандап, стикерлерін жабыстырады.

### ТОПТЫҚ ЖҰМЫС



### ЖЕКЕ ЖҰМЫС

### БАҒАЛАУ



### РЕФЛЕКСИЯ

